Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден бастап шығады

№3/185
17 қаңтар

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy E-mail: priogazeta@mail.ru

18+

ПРИОЗЁРСКІДЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЮДЕ

Приозерск қаласында жаңа спорт клубы өз жұмысын бастады. Мұнда балалар әртүрлі күрес түрлерімен, мини-футболмен және ауыр атлетикамен тегін шұғылдана алады.

Клубта бір уақытта 210 адамға дейін жаттығуға мүмкіндік бар. Мұнда мини-футбол, волейбол, баскетбол, дзюдо, қазақ күресі, самбо және ауыр атлетика үшін заманауи залдар жабдықталған. Балаларға арналған жаттығулар тегін жүргізіледі.

Ересектер үшін жаттығулар негізгі кестеден тыс, ақылы негізде ұйымдастырылмақ.

Қазіргі таңда спорт клубының штатында жаттықтырушылар, спорт нұсқаушылары және медицина қызметкерін қоса алғанда, шамамен 30 адам жұмыс істейді.

Приозерск қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, клубта спортпен айналысуды бастағысы келетіндерге әлі де жеткілікті бос орын бар. Секцияға жазылу үшін медициналық анықтама, ата-ананың өтініші, 3×4 өлшеміндегі фотосурет, сондай-ақ баланың туу туралы куәлігінің және ата-анасының немесе қамқоршысының жеке куәлігінің көшірмесі қажет.

Жаттығулардан бөлек, жаңа спорт клубында жарыстар өткізу де жоспарланған. Заманауи стандарттарға сай салынған кең залдар әртүрлі деңгейдегі чемпионаттар мен біріншіліктерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Приозерск қалалық мәслихатының депутаттары қалалық қазандықтың жұмысымен танысып қайтты. Қазіргі уақытта 3 қазандық жұмыс істеп тұр, ал 2 қазандық резервте. Қазандық қалыпты режимде жұмыс жасауда. Желідегі судың температурасы бекіө тілген кестеге сай беріліп, тұрғындар жылумен толық қамтамасыз етілуде. Жылу маусымының өту барысы қалалық мәслихат депутаттарының бақылауында болады.

Одан кейін қалалық мәслихат депутаттары Панфилов көшесі 7/1 тұрғын үйінің сыртын қаптау жұмыстарымен танысып қайтты. Үйдің сыртқы есіктері жаңартылып, подъеө здегі терезелер жаңадан салынды. Қазір 4 балконды қаптау жұмыстары ғана қалды. Үйдің сыртын қаптау жұмыстары 95 пайызға аяқталған. Жөндеу жұмыстары тамыз айынан бері, шамамен 6 ай бойы жалғасуда. Барлық жұмыстар осы айдың 20 қаңтарында аяқталады деп жоспарланған. Нысанда екі адам жұмыс істеп жатыр. Жөндеуді Балқаш қаласынан келген «Алмас Строй Сервис» компаниясы жүргізуде. Тұрғын үйді қаптау жұмыстары қалалық мәслихат депутаттарының бақылауында болады.

Приозерск қалалық мәслихаты

ОБРАЩЕНИЕ ЖИТЕЛЕЙ НАХОДИТСЯ В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ ДЕПУТАТОВ

Депутаты Приозерского городского маслихата ознакомились с работой городской котельной. В настоящее время работают 3 котла, а 2 котла находятся в резерве. Котельная работает в штатном режиме. Температура воды в сети подается согласно утвержденному графику, жители полностью обеспечены теплом. Ход проведения отопительного сезона будет контролироваться депутатами городского маслихата.

После этого депутаты Приозерского городского маслихата ознакомились с ходом работ по облицовке фасада жилого дома по улице Панфилова, 7/1. В доме обновлены наружные двери, в подъезде установлены новые окна. В настоящее время осталось выполнить лишь облицовку четырёх балконов. Работы по облицовке фасада завершены на 95 процентов. Ремонтные работы продолжаются с августа и длятся уже около шести месяцев. Завершение всех работ планируется на 20 января текущего месяца. На объекте работают два человека. Ремонт выполняет товарищество с ограниченной ответственностью «Алмас Строй Сервис» из города Балхаш. Работы по облицовке жилого дома находятся под контролем депутатов городского маслихата.

Приозерский городской маслихат

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТТІ

Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өңірдің әлеуметтік саласын дамыту мәселелері қаралды. Жиынға әлеуметтік бағыттағы салалық министрліктердің өкілдері және Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Денсаулық сақтау саласы бойынша ведомство өкілдері медициналық қызметтің сапасы мен алғашқы медициналық көмектің рөлін арттыруға басымдық берілетінін атап өтті. Сонымен қатар жүйе тұрақтылығы тек қаржыландыру мен инфрақұрылымға ғана емес, аурудың алдын алу, ерте анықтау және халықпен ашық әрі тығыз байланыс орнатуға да тікелей байланысты екені айтылды. Осындай кешенді тәсіл денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, азаматтардың медициналық ұйымдарға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

- Денсаулық сақтау саласы өзара тығыз байланыста жұмыс істейтін біртұтас жүйе болуға тиіс. Алғашқы медициналық көмек, профилактика, ауруларды ерте анықтау және көрсетілетін қызметтің сапасы бір жүйе ретінде жұмыс істегенде ғана нәтиже болады. Сондықтан өңірдегі басшылардың жауапкершілігі мен медициналық ұйымдардың жұмысына тұрақты бақылау ерекше маңызды, – деді вице-премьер.

Отырыста әлеуметтік саясаттағы өзекті мәселелер де көтерілді. Бұл салада халықтың сенімі нақты ережелер мен тиімді басқаруға тікелей байланысты екені айтылды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев атаулы әлеуметтік қолдауға көшу және өңірлік төлемдерді біріздендіру мәселелеріне тоқталды. Өзгерістерді енгізу барысында әрбір азаматқа жеке түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жергілікті деңгейде барлық үдерістерді дұрыс жолға қою маңызды екені сөз болды. Себебі адамдар үшін қандай өзгеріс болып жатқанын, оның себебі мен өздеріне қалай әсер ететінін нақты түсіну аса маңызды.

Білім беру саласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қолжетімділігі, маман тапшылығы мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мәселелеріне баса назар аударылды. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2-6 жас аралығындағы балалардың 90,9%-ы балабақшамен қамтылғанымен, әлі де 25 мыңнан астам балаға орын қажет. Аида Балаева қазіргі білім беру тек мектеп пен балабақша санына ғана емес, оқыту сапасына, білікті кадрларға және балалармен жұмыс істеудегі заманауи тәсілдерге де байланысты екенін атап өтті.

Өңірдегі кадр даярлау мен ғылымды дамыту мәселесі де назардан тыс қалмады. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еңбек нарығына қажетті мамандарға болжам жасауға мүмкіндік беретін ұлттық сауалнама жүргізіліп жатқанын хабарлады. Мұндай шаралар кадр саясатын нақты жоспарлауға және жоғары оқу орындары мен колледждердегі білім беру бағдарламаларын технологиялық өзгерістерге сай уақтылы бейімдеуге жол ашады. Бұл ретте білім беру жүйесі мен еңбек нарығы біртұтас механизм ретінде жұмыс істеуі т иіс.

Сонымен қатар туризм мен бұқаралық спортты дамыту мәселелері талқыланды. 2025 жылғы 9 ай қорытындысы бойынша өңірде 370 мың туристке қызмет көрсетілген, жалпы табыс 8 млрд теңгеге жеткен. Аталған саланы одан әрі дамыту үшін инфрақұрылымды жетілдіру, туристік аймақтарды әр маусымға дайындау және демалыс орындарындағы қоғамдық қауіпсіздікті күшейту қажет екені айтылды.

Кездесу соңында Аида Балаева ведомствоаралық өзара байланысты күшейтіп, өңірлік деңгейде әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыруды тапсырды. Басым бағыттардың қатарында денсаулық сақтау саласында профилактика шараларын күшейту, әлеуметтік қолдау тетіктерін нақтылау, білім беру жүйесін цифрландыру, экономиканың сұранысына сай кадр даярлау, сондай-ақ мәдени орта мен бұқаралық спортты дамыту өмір сапасын арттырудың ажырамас бөлігі ретінде айқындалды.

primeminister.kz

“ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНА БАСТАЙТЫН ЖОЛ”

Қазіргі әлемдегі тұрақты әрі бәсекеге қабілетті мемлекет құрудың басты алғышарттарының бірі – зайырлылық қағидатын берік ұстану. Зайырлылық ұғымы көбіне мемлекет пен діннің ара-жігін ажырату ретінде түсіндірілгенімен, оның мазмұны бұдан әлдеқайда терең. Бұл қағидат қоғамдағы сан алуандылықты мойындауға, әр азаматтың ар-ождан еркіндігін құрметтеуге және ортақ заң аясында бірлікті сақтауға бағытталған.

Зайырлы мемлекет діни сенімге немесе сенімсіздікке қарамастан, барлық азаматтарға тең көзқарас қалыптастырады. Мұндай ұстаным адамдарды бөлмейді, керісінше, ортақ азаматтық құндылықтар төңірегіне біріктіреді. Мемлекеттік шешімдер белгілі бір діни көзқарасқа емес, қоғамдық мүддеге, ақылға қонымды құқықтық нормаларға сүйене отырып қабылданады. Бұл – әділдік пен сенімнің негізі.

Зайырлылық қағидаты қоғамдық келісімнің өзегіне айналады. Әртүрлі сенім мен дүниетаным өкілдері бір қоғамда өмір сүрген жағдайда, олардың құқықтарын тең сақтау – мемлекеттің басты міндеті. Зайырлылық осы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін әмбебап тетік болып табылады. Ол ешбір дінді артық та, кем де көрмей, барлығына ортақ құқықтық кеңістік ұсынады.

Қазақстан сияқты көпэтносты әрі көпконфессиялы ел үшін зайырлылықтың маңызы айрықша. Бұл қағидат ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтаудың сенімді кепілі болып отыр. Зайырлы саясаттың арқасында қоғамда төзімділік мәдениеті қалыптасып, өзара құрмет пен диалогқа негізделген қарым-қатынас дамуда. Мұндай ортада азамат өзін қауіпсіз сезініп, елдің дамуына үлес қосуға ұмтылады.

Зайырлылық сондай-ақ қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты. Діни ұрандарды желеу еткен радикалды ағымдардың алдын алу, экстремистік идеологиялардың таралуына тосқауыл қою – зайырлы мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл бағытта мемлекет ағартушылық жұмыстарды күшейтіп, діни сауаттылықты арттыру арқылы қоғамның ішкі тұрақтылығын нығайтады. Ақпараттық иммунитеті мықты қоғам кез келген теріс ықпалға төтеп бере алады.

Экономикалық және әлеуметтік даму тұрғысынан да зайырлылықтың берері мол. Тұрақты, болжамды және бейбіт қоғамдық орта инвестиция тартуға, кәсіпкерлікті дамытуға, білім мен ғылымның еркін өркендеуіне жол ашады. Зайырлы қоғамда адам өзінің дініне емес, білімі мен қабілетіне қарай бағаланады. Бұл – әділетті бәсеке мен сапалы адами капитал қалыптастырудың басты шарты.

Қорытындылай келе, зайырлылық қағидаттары – мемлекеттің уақыт сынынан сүрінбей өтетін берік іргетасы. Ол қоғамдағы бірлікті сақтап, құқықтық тәртіпті орнықтырып, болашаққа сеніммен қадам басуға мүмкіндік береді. Зайырлылықты түсіну және қолдау – тек мемлекеттің ғана емес, әрбір саналы азаматтың ортақ міндеті. Осындай құндылықтарға сүйенген ел ғана тұрақты даму жолында нық алға жылжи алады.

Айтбенбетов О. АТТ мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Қарағанды облысында балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бағытындағы тәсілдер жаңартылуда. Өңір прокуратурасының бастамасымен арнайы алгоритм әзірленіп, бұл өзекті әлеуметтік мәселе облыс әкімдігінде өткен ведомствоаралық комиссияның отырысында жан-жақты талқыланды.

Жаңа шаралар тәуекелдерді ерте кезеңде анықтауға, психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыруға және білім беру ұйымдары, ата-аналар мен салалық мамандар арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған. Бастама «Заң және тәртіп» идеологемасы аясында іске асырылуда, мұнда адам өмірін сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету сөзсіз басымдық ретінде айқындалған.

– Облыстың мектептері мен колледждерінде балалардың өмірі мен психологиялық саулығын қорғауға бағытталған арнайы алгоритм енгізілді. Ол педагогтерге оқушылардың мінез-құлқындағы алаңдататын белгілерді дер кезінде байқауға және оларға дұрыс әрекет етуге мүмкіндік береді. Алгоритм тәуекел туындаған жағдайда сынып жетекшілерінің, кураторлардың, білім беру ұйымдары әкімшілігінің және мектеп психологтарының іс-қимыл тәртібін нақты белгілейді. Оның негізінде проблемаларды ерте анықтау, балаға мұқият көзқарас, құпиялылықты сақтау және әрекетсіздікке жол бермеу қағидаттары жатыр, – деді Қарағанды облысы прокурорының аға көмекшісі Айжан Оразбекова.

Балалар өз қорқынышы мен жан дүниесіндегі күйзелісті жалғыз өткермеуі тиіс. Қайғылы жағдайларға алып келетін негізгі себептердің қатарында ата-ана назарынсыз қалу, отбасындағы тұрақсыз ахуал, жалғыздық сезімі, алғашқы махаббаты біржақты болса, сондай-ақ жақын адамынан айырылу секілді ауыр психологиялық факторлар бар.

Қазіргі уақытта мектептерде «Көңіл күй күнделігі» енгізіліп, мобильді қосымшалар арқылы тәуекел белгілерін дер кезінде анықтау жұмыстары жүргізілуде. Психикалық қолдау орталығы мамандарға арналған модульдік оқыту бағдарламасын әзірледі, онда әр балаға жеке көзқарас қалыптастыруға басымдық берілген. Бұл күрделі жағдайларда тиімді шешім қабылдауға және балаларды өзін-өзі қорғау дағдыларына үйретуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан және профилактикалық есепте тұрған 23 мыңнан астам оқушы тұрақты патронажбен қамтылған.

Білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев педагог-психологтар тапшылығы мәселесінің кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын атап өтті.

Осы мақсатта Е. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетімен меморандум жасалған. Сонымен қатар мамандар облыс әкімі гранттары есебінен даярлануда. Қазіргі таңда орталық деңгейде педагог-психологтардың жалақысын арттыру мәселесі пысықталуда.

Ведомствоаралық комиссия отырысында «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» жаңа заңның негізгі нормалары да түсіндірілді.

– Оң нәтижелер бар, алайда мәселе әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Барлығымыз алгоритмге сәйкес бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі жеке басқарма құру мәселесін пысықтауды тапсырамын. Тәуекел аймағындағы әрбір бала үшін бәріміз жеке жауапкершілік арқалаймыз. Өзара іс-қимылды нақты жолға қойып, қосымша шаралар қабылдау қажет, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

“ҚОҒАМДА РАДИКАЛДЫ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ”

Қазіргі жаһандану дәуірінде радикалды идеологиялар қоғам қауіпсіздігіне төнетін ең өзекті қатерлердің біріне айналып отыр. Олар көбіне әлеуметтік теңсіздік, ақпараттық сауатсыздық, рухани дағдарыс пен жастар арасындағы бағыт-бағдардың әлсіздігі жағдайында бой көтереді. Сондықтан радикализмнің алдын алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі болуы тиіс.

Радикалды идеологияның алдын алудағы ең маңызды бағыттардың бірі – білім беру және ағартушылық жұмыс. Сыни ойлау қабілеті қалыптасқан, ақпаратты талдай алатын тұлға теріс идеологиялық ықпалға оңай берілмейді. Осы тұрғыда мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық, діни және азаматтық білімді жүйелі түрде беру ерекше мәнге ие. Білім тек ақпарат берумен шектелмей, адамның дүниетанымын кеңейтіп, өз көзқарасын дәлелдей алатын деңгейге жеткізуі қажет.

Ақпараттық кеңістіктегі жұмыс та радикализмнің алдын алуда шешуші рөл атқарады. Қазіргі таңда радикалды идеялар интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жылдам таралады. Сол себепті қоғамға сапалы, түсінікті әрі сенімді ақпарат ұсыну – маңызды міндет. Дәстүрлі құндылықтарды, зайырлы мемлекет қағидаттарын және заң талаптарын түсіндіретін мазмұндағы контенттің үлесін арттыру қажет. Бұл жерде тек тыйым салу емес, балама ой мен дұрыс бағыт көрсетудің маңызы зор.

Отбасы институты да радикалды көзқарастардың алдын алуда негізгі тірек болып табылады. Отбасында берілген тәрбие, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас адамның өмірлік ұстанымын қалыптастырады. Баланың ішкі мәселелеріне бейжай қарамай, оның сұрақтарына жауап беру, ашық диалог орнату – радикалды идеяларға қарсы ең алғашқы қорған. Құндылыққа бай, мейірім мен жауапкершілікке негізделген ортада өскен тұлға теріс ағымдарға қарсы иммунитетке ие болады.

Жастармен жұмыс – алдын алу шараларының өзегі. Жастар радикалды идеологияның негізгі нысанасына айналатыны жасырын емес. Сондықтан оларды жұмыспен қамту, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беру, спорттық, мәдени және еріктілік жобаларға тарту аса маңызды. Қоғамда өз орнын тапқан, болашағына сенімді жас азамат радикалды ұрандарға ермейді. Жастардың белсенділігін қолдау – қоғамның тұрақтылығына салынған инвестиция.

Сонымен қатар, діни сауаттылықты арттыру да маңызды бағыттардың бірі. Дінді үстірт немесе бұрмаланған ақпарат арқылы тану радикализмге апаратын жолдың бірі болып табылады. Осы себепті дәстүрлі дін өкілдері мен білікті теологтардың қатысуымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Діннің шынайы гуманистік, адамгершілікке негізделген мәнін ашу – радикалды көзқарастардың алдын алудың тиімді жолы.

Қорытындылай келе, радикалды идеологияның алдын алу – кешенді, жүйелі әрі ұзақ мерзімді жұмысты талап етеді. Білім, ақпарат, отбасы, жастар саясаты және діни сауаттылық бір-бірімен тығыз байланыста іске асқанда ғана нақты нәтиже береді. Қоғамның әрбір мүшесі осы үдерісте өз жауапкершілігін сезінген жағдайда ғана қауіпсіз, тұрақты әрі біртұтас болашаққа қол жеткізуге болады.

Батыл Б. АТТ мүшесі

АЛАШТЫҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ (ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ)

Қазақ руханиятының тарихында өшпес із қалдырған көрнекті ғалым, әдебиеттанушы, абайтанушы, драматург, қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толып отыр. Ол – Алаш идеясына адал болып, ұлт мүддесі үшін саналы ғұмырын арнаған, қазақ әдебиеті мен ғылымына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлға.

Қайым Мұхамедханов 1916 жылы Семей қаласында дүниеге келді. Оның азамат болып қалыптасуына Алаш арыстарының тікелей ықпалы болды. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов сынды ұлт зиялыларының тағылымы Қайымның өмірлік ұстанымына айналды. Жастайынан ел тағдырына алаңдаған ол Алаш мұрасын жинау, сақтау және ғылыми айналымға енгізу жолында аянбай еңбек етті.

Қайым Мұхамедхановтың қазақ әдебиеттану ғылымындағы ең ірі еңбегі – Абайтану саласымен тығыз байланысты. Ол Абай Құнанбайұлының ақындық мектебін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, шәкірттерін жүйелі түрде зерттеген тұңғыш ғалым болды. Абайдың ақын шәкірттері – Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбай шығармаларын халыққа қайта танытуда Қайымның еңбегі ерекше.

Саяси қуғын-сүргін жылдары Қайым Мұхамедханов та жазықсыз жалаға ұшырап, түрме азабын көрді. Алайда ол қиындыққа мойымай, рухани күресін тоқтатпады. Бостандыққа шыққан соң да ұлт әдебиетін зерттеу ісін жалғастырып, көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар, пьесалар жазды. Оның қаламынан туған драмалық шығармалар қазақ театр өнерінің алтын қорынан орын алды.

2026 жылдың 5 қаңтар күні ғалым, абайтанушы, қоғам қайраткері, жазушы, ақын, драматург, аудармашы Қайым Мұхамедханұлының туғанына 110 жыл толуына орай «Алаштың асыл перзенті» атты тарихи-ақпараттық сағат өткізілді. Мақсаты: қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ғалым, жазушы, драматург, алаштанушы Қайым Мұхамеджановтың өмірі мен шығармашылық мұрасын таныту. Алаш арыстарының еңбегін дәріптеу арқылы жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін, отансүйгіштік рухын қалыптастыру, тарихи әділдікті тануға баулу. Іс-шараға 06708 әскери бөлімінің сарбаздары қатысты. Тарихи-ақпараттық сағат барысында кітапханашы Қайым Мұхамеджановтың өмір жолы, Алаш қозғалысымен байланысы, ғылыми еңбектері мен әдеби мұрасы жөнінде мазмұнды баяндама жасалды. Әсіресе, ғалымның Абайтану саласындағы өлшеусіз еңбегі, Алаш арыстарының ақталуына қосқан үлесі кеңінен сөз болды. Шара соңында «Алаштың асыл перзенті» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, Қайым Мұхамеджановтың шығармалары мен ол туралы жазылған зерттеулер таныстырылды. Қатысушылар Қайым Мұхамеджановтың ұлт тарихындағы орны туралы өз ойларын ортаға салып, сұрақ-жауап жүргізілді. Тарихи-ақпараттық сағат жас ұрпаққа ұлт руханиятын қадірлеуге, ел тарихын терең тануға бағыт-бағдар берді. Қайым Мұхамеджановтың мұрасы – мәңгілік рухани құндылық екені атап өтілді.

Қайым Мұхамедханов – шын мәнінде Алаш рухын ХХ ғасырда жалғастырған бірегей тұлға. Ол өмір бойы «ұлтқа қызмет ету – ең биік мұрат» екенін ісімен дәлелдеді. Ғалымның артында қалған мол мұрасы – бүгінгі және келер ұрпақ үшін баға жетпес рухани қазына.

Қайым Мұхамедхановтың 110 жылдық мерейтойы – тек бір ғалымды еске алу ғана емес, Алаш мұрасын ұлықтау, ұлттық сананы жаңғырту мерекесі. Алаштың асыл перзентінің өнегелі өмірі мен еңбегі тәуелсіз ел жастарына әрдайым үлгі болып қала бермек.

Оқу бөлімінің кітапханашысы Болысбек Ұ

Наследственное дело

«После смерти Бабич Надежды Семеновны, умершей 13 сентября июля 2025 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Марбатовой А.М, по адресу Карагандинская область, г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87073453301»

Частный нотариус г. Приозерск

ҮКІМЕТТЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Отырыс барысында экономикалық реформалар мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған көптеген мәселелер қаралды. Үйлестіру кеңесінің алдыңғы отырысының хаттамалық тапсырмаларын орындау қорытындылары және жобаларды жүзеге асыру рәсімдерін одан әрі оңтайландыру және жеделдету жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ бірлескен бағдарламаларды кеңейту перспективалары қаралды.

Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық жөніндегі ұлттық байланыс жасайтын тұлға болып белгіленгенін хабарлады.

Аталған тәсіл жобаны жүзеге асырудағы тәртіпті және бірлескен бағдарламалар мен аналитикалық зерттеулердің мақұлдау жеделдігін арттыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы өкілі Андрей Михнев приоритетті бағдарламаларды жоспарлау және тиімді жүзеге асыру мақсатында қаржыландыру көздерін көрсете отырып, мемлекеттік қарыздар мен мемлекеттік кепілдіктерді қамтитын көпжылдық инвестициялық жоспар бекітуді ұсынды.

Энергетикалық қуат көздерінің бірінен екіншісіне көшу саласындағы бастамалар өз алдына бөлек талқыланды. Отырысқа қатысушылар энергетикалық трансформация бойынша приоритетті жобаларды біріктіру және ұзақ мерзімді халықаралық қаржыландыруды тартуға бағытталған елдік инвестициялық платформаны қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды қарады. Энергиямен қамту сенімділігін арттыру, технологиялық жаңарту және инвестициялар тарту құралы ретінде энергетикалық көшудің маңыздылығы атап өтілді.

ҚР Энергетика, Экология және табиғи ресурстар министрлігі 2025 жыл бойы ЕҚДБ-мен бірлесіп энергетика секторына назар аудара отырып, Қазақстанның әділ энергетикалық көшуі жөніндегі Елдік инвестициялық платформасының (KazJETP) тұжырымдамасын дайындады.

Елдің энергетикалық секторының платформасы ауқымды халықаралық қаржыландыруды тарту және Қазақстанның климаттық мақсаттарына қол жеткізу үшін тиімді интеграцияланған жүйелік тәсіл ретінде қарастырылады. Аталған тетік халықаралық қаржы институттарының, мемлекеттік органдардың және жеке сектордың ресурстарын біріктіре отырып, климаттық қаржыландыруды үйлестіруді қамтамасыз етуге арналған.

Сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының қатысуымен жүзеге асырылатын бірқатар инфрақұрылымдық жобаны, оның ішінде су шаруашылығы, су тасқыны тәуекелдерін басқару және коммуналдық инфрақұрылым саласындағы жобаларды жүзеге асыру мәселелері қаралды. Атап айтқанда, Ақмола облысындағы Есіл өзенінде Есіл қарсы реттегішін салу және Ақмола облысы Степногорск қаласының кәріздік тазарту құрылысжайларын реконструкциялау жөніндегі жобаларға Азия даму банкінің қатысуы.

Премьер-министр экономиканы тұрақты дамыту және басым салаларға инвестициялар тарту үшін халықаралық қаржы институттарымен әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. Үкімет ұзақмерзімді тұрақты әсерлерге қол жеткізуге бағытталған бастамаларды қолдауды және туындаған мәселелерге жедел ден қоюды жалғастырады.

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға халықаралық әріптестермен бірлесіп ұсынылған ұсыныстарды пысықтауды, іс-қимылдарды үйлестіруді және бірлескен инвестициялық жобаларды уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Primeminister.kz

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №3/185, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.